



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ БІЛІМНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАДЫ



Білімге жұмсалған қаржы көбейді. Мектептер салынды. Цифрлық технология мен жасанды интеллект өмірімізге енді. Бірақ осының бәрі баланың сапалы білімі мен дұрыс тәрбиесіне қаншалықты әсер етіп жатыр? Биылғы Тамыз конференциясының басты сауалы да осы болды.


(Жалғасы 3-бетте)



САЯСАТ

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛ, ҚҰРЫЛТАЙ!

Неше уақыттан бері елдің көңілін өлеңдеткен Құрылтай құрамы да анықталды. Кеше сайлауға өткен 5 партияның 145 депутатының тізімі шықты. Ел өміріндегі жаңа кезеңнің өзгерістеріне халық үлкен сенім артты.



Алдарына үлкен жауапкершілік пен маңызды міндеттерді арқалаған жаңа Құрылтай құрамын 110 орынмен «Әділет» партиясы, «АУЫЛ» партиясы – 10 орын, REPUBLICA – 9 орын, «АҚ ЖОЛ» партиясы 8 орын, ЖСДП (Жалпыұлттық социал-демократиялық партия) 8 орынмен толықтырды. Қарапайым көпшілік жаңа Құрылтай мемлекет үшін маңызды заңдар мен мәселелерді ортаға сап, халық игілігіне қызмет етеді деген сенімде.

Бұған дейінгі сайлауалды науқанда Құрылтай төрінен орын алған партия өкілдері аймақтарды аралады, елдің мұң-мұқтажын тыңдады, теле-

дебаттар арқылы тың бағдарламалар мен тиімді ұсыныстарын жария етті.

Жас мемлекеттің гүлденуіне Құрылтай төріндегі әр депутат бар ерік-жігері мен білім-білігін сарп етеді, елдік мүдделер жолында табанды ұстаным танытып, отаншыл патриот екендігін дәлелдейді деп сенеміз. Халық аманатын арқалаған әр депутаттың әділетті Қазақстанның негізі, зайырлы қоғамның бет-бейнесі болатынына үміт зор. Ендеше, іске сәт, депутаттар! Ақ жол, Құрылтай!

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



СУДЬЯ МІНБЕРІ

Заң мен тәртіп – мемлекет тұрақтылығының негізі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау механизмін мемлекеттік саясаттың басты бағыты ретінде айқындаған. Ал осы ел тыныштығы, мемлекет тұтастығы қарапайым заңдық әліппені біліп, қоғамдық тәртіпті сақтаудан және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуден бастау алады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ БОЛМАЙДЫ

Қоғамдық тәртіпті сақтау – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – әр азаматтың ортақ жауапкершілігі. Тәртіп – әр адамның өзінен, өз ортасын сыйлауынан басталады. Заң талаптарын сақтау, өзгенің құқықтары мен ар-намысын құрметтеу және қоғамдық ортада мәдениетті болу арқылы біз қауіпсіз әрі жайлы қоғамның негізін қалаймыз. Қоғам – әлеуметтік жүйе. Ондағы қылмыстық ахуалдың күрделенуі азаматтардың құқықтық сауатының кемдігіне ғана емес, ортақ тәртіпке бағынбай, ортақ заңды бұзуымен де өзектес. Зайырлы, салауатты орта орнатуға ұмтылған елдердің ең әуелі заңдардың пәрменін арттырып, құқық бұзу деректеріне сергек қарайтыны да сондықтан. Өйткені, кез келген құқық бұзушылықтың салдары ауыр. Қоғамда түрлі алауыздық тудырып, азаматтар құқығына теріс ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіретін заң бұзушылықтарға тегеурінді тосқауыл қоймай, әділетті қоғам құру мүмкін емес. Міне, осы теңгерімді дұрыс сақтау үшін заң сауатты жасалып, тәжірибеде де мінсіз қолданылғаны жөн.

Құқықтық мемлекетте қылмыстың үлкен-кішісі болмайды. Ал құқық бұзушылықты елеуіе қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты бұзып, адамдар арасындағы өзара сенім мен әділдік қағидатын әлсіретеді. Ұсақ бұзақылық жасағаны үшін азаматтарға жауапкершіліктің белгіленуі де үлкен стратегиялық мәні бар құрал. Қоғамдық ортадағы ұсақ бұзақылық еліміздегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 434-бабы аясында реттеледі. Осы кодекстің 434-бабы 1-бөліміне сай қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, немесе ортақ мүлкті ластау әрекеттері үшін 20 айлық есептік

көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салу немесе 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы қарастырылған.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – қауіпсіз әрі тұрақты қоғам қалыптастырудың маңызды шарты. Кешеді, саябақта, қоғамдық көлікте, аулаларда және басқа да көпшілік көп жиналатын ортақ орындарда әр азаматтың мәдениеті мен жауапкершілігі қоғамдық ортаға тікелей әсер етеді. Қоғамдық орындарда өзге азаматтардың тыныштығын бұзбау, балағат сөздер айтпау, жанжал мен агрессияға жол бермеу, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау маңызды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі «Ұсақ бұзақылық» үшін белгіленетін жауапкершілік тәрбиелеу арқылы, заң тезіне салу арқылы жалпы ортаны түзеуге бағытталған.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Қызылорда өңірінде де ұсақ бұзақылыққа байланысты істер жиі сот таразысына салынады. Мұндағы әр іс жеке зерделеніп, жауаптылық белгілеу кезінде де құқық бұзушылықтың келтірген залалына, құқық бұзушының өз қателігін түсініп, мойындауына, берілетін жазаның құқық бұзушыға ғана емес, қоғамға әсеріне мән беріледі. Мысалы, сотта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Н.С. деген азаматтың ісі қаралды. Жолаушы тасымалдау арқылы табыс тауып жүрген азамат көлігіне отырған Ж.А.-мен сөзге келіп қалып, көпшіліктің көзінше жүлқылап, балағаттап, сыйламаушылық көрсеткен. Діттеген жеріне жылдам жете алмағаны аздай, көліктен еркінен тыс түсірілген Ж.А. өз құқығын сот арқылы қорғауға мәжбүр болған.


(Жалғасы 2-бетте)

5-БЕТ



«Мен жастарға сенемін!»

6-БЕТ



Жатақхана тапшылығы әлі шешілген жоқ

8-БЕТ



МҰҒАЛІМ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ БОЛМАЙДЫ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Жолаушы тасымалдауды кәсіп еткен азаматтың тапсырыс берушілерге мәдениетті қарым-қатынас жасап, ілтипатпен қызмет көрсету міндеті. Жолаушы қауіпсіздігіне жауапты болған соң көліктің ғана техникалық жарамдылығына көңіл бөлмей, жүргізушінің өзі де көркем мінез танытып, шыдамды болуы керек. Ал әр нәрсені ілік етіп балағаттап, көліктен итеріп шығару – адамгершілікке де жат, заңдылыққа да қайшы. Сондықтан сот әкімшілік іске қатысушылардың уәждерін тыңдап, істегі құжаттарды зерттеп, жауапкер азамат ӘҚБтК-нің 434-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылыққа жол берген деп есептеді. Себебі ол қоғамдық орында жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу және айналасындағыларға құрметпен қарамауды білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекет жасаған. Сот іс-құжаттарын зерттеп, тараптардың түсінігін тыңдап, Н.С.-ға әкімшілік жаза қолдануда оның әрекетін мойындауын, бұндай құқық бұзушылықты алғаш рет жасауын жеңілдететін мән-жай ретінде танып, ал жауаптылығын ауырлататын мән-жайдың анықталмауына байланысты ӘҚБтК-нің 434-бабы 1-бөлігінің санкциясында көзделген 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салып, бұл соманы ӘҚБтК-нің 829-11-бабы 2-бөлігінің талаптарын ескеріп, отыз пайызға қысқартты.

Сот – ак пен қараны ажыратушы. Сот отырыстарының басым бөлігі ашық өткізілгенімен, басына іс түскенде болмаса, азаматтар заңдарды күнделікті зерделеп, сот жұмысын тұрақты қадағалай бермейді. Ал қоғамның құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеру үшін сот тәжірибелерін бөлісіп, заңдардың қолданылу тәртібінен азаматтарды хабардар етудің маңызы зор.

Конституцияда дәйектелгендей құқықтық мемлекетте азаматтардың бәрі тең. Алайда елдің алдында жүретін білімді, білікті, іскер азаматтарға сенім де, жауаптылық та жоғары. Қоғамның айнасы саналатын, көпшілікке үлгі болуға тиіс ұстаздардың ұсақ бұзақылыққа жол беруі ойландырмай қоймайды. Мысалы, Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сотында Қорқыт ата университетінің мұғаліміне қатысты әкімшілік іс қаралды. Сот барысында белгілі болған-

дай қоқыс жәшігіндегі бос бөтелкені көзі шалған мұғалім шәкірті Д.Р.-ға көпшіліктің көзінше айғайлап ұрысып, балағат сөздер айтып құрметсіздік көрсеткен.

Университет – жоғары білім беретін киелі мекен. Көпшілік жиналатын орында қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың тыныштығын бұзбау бұлжымас қағида. Оның үстіне, жоғары білім алуға ұмтылған жастар дауыс көтеріп, балағаттамаса да ұстаздың талабын мүлтіксіз орындайтыны сөзсіз. Ал өз құзыретін пайдаланып шәкіртін балағаттау әдептілікке жатпайды. Ұстаздың мұндай дөрекі қарым-қатынасы жас шәкірттің намысына тиіп,



өзіне деген сенімін әлсірететіні анық. Сондықтан педагог өз әрекетіне шын жүректен өкініш білдіргенімен, сот барысында құқық бұзушылықтың сипаты ескерілді, сондай-ақ жауапты тұлғаның құқық бұзушылықты жасауға емес, керісінше заң талаптарын сақтауға, айналасын заң мен тәртіпті құрметтеу рухында тәрбиелеуге міндетті екені назарға алынды. Әрі құқық бұзушының өзінің де, басқалардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында жауапкерге ӘҚБтК-нің 434-бабы 1-бөлігінің санкциясында көзделген жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі әкімшілік айыппұлды салуды сот дұрыс деп тапты.

Жаза тағайындау – әкімшілік заңды қолданудың ең жауапты, маңызды және шешуші сатысы. Жаза әлеумет-

тік әділдікті қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтың алдын алуға және қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтауға негізделуі керек. Әсіресе, білім ордаларында, мәдениет ошақтарында, бала тәрбиесімен байланысты мекемелерде орын алатын құқық бұзушылықтарға жіті көңіл бөлген жөн. Айталық Аманат Скулл мектебіне келген ата-ана сауалына жауап бермек болған екі ұстаздың сөйлеуіне мүмкіндік бермей, былапыт сөйлеп, айғайлап, оқушылардың тынышын алып, айналасындағыларға құрметсіздік танытқан. Сот отырысында ата-ана кінәсін толық мойындап, мектеп қызметкерлерімен сөйлесу барысында ашу үстінде былапыт сөз айт-

ші жақынына көрсету маңызды екенін меңзейді. Ал бізде анасын балағаттап, әкесін қорлайтын, бауырының қадіріне жетпей, баласын сыйламайтын жандар әлі де бар. Мысалы Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сотында қаралған істе әкесі базарда жұмыс істейтін қызына барып көпшіліктің көзінше балағаттап, намысына тиетін сөздер айтқан.

Қазір әлеуметтік желі, ғаламторсыз адам өмірін елестету мүмкін емес. Үлкен де, кіші де өзіне керегін осы желіден табады. Алайда, ғаламторды танымалдығын арттырып, табыс табу көзі ретінде пайдаланғысы келетіндер

ол өзінің теріс әрекетін мойындайтынын, ойсыз сөз айтқанына өкінетінін, алдағы уақытта мұндай өрескел әрекетті қайталамайтынын көрсетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сай, әркім Конституция мен заңдарды сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. А.Т. өз әрекетінің құқыққа қарсы сипатын сезініп, зиянды салдардың туындауына саналы түрде жол бергендіктен, ӘҚБтК-нің 26-бабына сәйкес, оның әрекеті қасақана жасалған құқық бұзушылық болып танылады. Осылайша Тикток жұлдызы

Құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік орнықтыру үшін халықтың құқықтық мәдениетін көтеріп, заңдық сауатын арттыру керек. Отбасында дұрыс тәрбие беру, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқық қорғау органдарымен белсенді түрде бірлесіп әрекет ету кезек күттірмейді. Қоғамдық бақылауды күшейту, танымал, белсенді азаматтардың қатысуымен арнайы кеңестер мен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырудың да көмегі көп. Ұсақ бұзақылық бойынша сот істерін жария түрде көрсетіп, ақпарат құралдарында тұрақты ақпарат беру де талай адамға ой салары талассыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 86500 (сексен алты мың бес жүз) теңге айыппұл салынды.

Ішкі істер министрлігі ұсынған статистикаға сәйкес Қазақстанда 2025 жылы 22 мыңнан астам азамат ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Биылғы жылы да әкімшілік құқық бұзушылық кеміді дей алмаймыз. Десек те, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, ортақ мүлікті ластап, бүлдіру сияқты жағымсыз әрекеттерден арылу үшін келеңсіздікпен күресті бір сәт те тоқтатпаған жөн. Құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік орнықтыру үшін халықтың құқықтық мәдениетін көтеріп, заңдық сауатын арттыру керек. Отбасында дұрыс тәрбие беру, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқық қорғау органдарымен белсенді түрде бірлесіп әрекет ету кезек күттірмейді. Қоғамдық бақылауды күшейту, танымал, белсенді азаматтардың қатысуымен арнайы кеңестер мен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырудың да көмегі көп. Ұсақ бұзақылық бойынша сот істерін жария түрде көрсетіп, ақпарат құралдарында тұрақты ақпарат беру де талай адамға ой салары талассыз. Ең бастысы, әр азамат мәдениетті, зайырлы қоғамды өз күшімізбен, өз қолымызбен құратынымызды түсінсе дейміз.

Сауле УТЕГЕНОВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ПӘРМЕН

САЛЫҚ БЕРЕШЕГІН ӨНДІРУ ӘЛЕУМЕТ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Салық түсімдерінің мемлекет дамуындағы рөлі зор. Себебі жеке және заңды тұлғалардың табысынан құралатын бұл төлем мемлекеттің жұмыс істеуіне, қоғамдық игіліктерді қаржыландыруға және ұлттық табысты қайта бөлуге мүмкіндік береді. Жиналған қаражат елдің қазынасына түсіп, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақы, жәрдемақы сияқты өртүрлі төлемдерді уақытылы беруге арналатындықтан, салықтың дер кезінде түсуіне мемлекет аса мүдделі.

Салықтық төлемнің маңызын түсініп, берешекті дер кезінде төлейтін жауапты азаматтар елімізде аз емес. Алайда, берешекті уақтылы төлеудің маңызы туралы үнемі ескертіліп, түсімдердің мақсаты туралы тұрақты айтылып жатқанымен, салықты төлемей, өз міндеттемесіне салғырт қарайтындар да жеткілікті. Осыған орай мемлекет алдындағы салықтық берешекті өндіріп алу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Өрине, салық қарызы бар азаматтарға алдымен ескерту жасалады. Одан нәтиже шықпаған жағдайда борышкердің міндеттемесін мәжбүрлеп орындату механизмі қолданылады. Соның ішінде салықтық берешекті өндіріп алу туралы сот шешімі жеке сот орындаушылар өндірісіне түскен соң, атқарушылық құжатты орындау бойынша

жұмыстар қолға алынады. Ең алдымен жеке сот орындаушылар атқарушылық іс жүргізу барысында борышкердің мүліктік жағдайын анықтап, оның банктік шоттары, табыстары және мүлкінің бар-жоғы туралы мәліметтерді алуға құқылы. Борышкер ғана емес, сот орындаушысы жүгінген кез келген құзырлы ұйымдар мен тиісті мемлекеттік органдардың барлығы да талап етілген мәліметтер мен құжаттарды заңда белгіленген тәртіпте беруге міндетті.

Атқарушылық құжатпен танысып, жауаптылық туралы білгеннен кейін де борышкерлер салықтық міндеттемесін өз қалауымен, ерікті түрде орындамаған жағдайда, сот орындаушысы мәжбүрлеп орындату шараларын қолданады. Мәжбүрлеп орындау кезінде алдымен борышкердің банктік шотындағы ақша қаражатынан берешек өндіріп алынады, немесе қарыз борыш-



Алтынай ҚОЖАҒҰЛОВА,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

кердің жалақысы мен өзге де кірісінен ұсталынады. Бұл жерде борышкер жұмыс істейтін мекеменің басшылары да сот орындаушысы сұратқан

мәліметтерді дер кезінде ұсынып, жалақыдан ай сайын тиісті берешекті аударып отыруға тиіс. Ал егер борышкердің шотында ақшасы болмаса, тұрақты табысы болмаса, онда мүлкіне тыйым салынып, заңда көзделген жағдайда борышкердің белгілі бір құқықтары уақытша шектеледі.

Өрине, қазіргідей нарықтық заманда тұрақты жұмыс табу да оңай емес. Егер борышкер жұмыссыз болса, ақша қаражаты оның мүлкінен ұсталуы мүмкін. Мұндай жағдайда сот орындаушысы мүліктің нарықтық құнын, заңмен белгіленген шектеулерді және өндіріп алудың кезектілігін ескереді. Заңда өндіріп алуға болмайтын мүлік түрлері де бар екенін ұмытпаған абзал.

Атқарушылық құжатты орындау барысында негізгі берешекпен қатар заңда көзделген атқарушылық әрекеттерді жасауға байланысты шығыстар және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төленеді.

Құқықтық зайырлы мемлекетте салықтық қарызды өндіру заң талабымен толық реттелген. Өндіріп алушы да, борышкер де атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өз құқықтары мен міндеттерін білуге тиіс. Азаматтарға салықтық жауаптылықты түсіндіріп, берешекті уақытылы өндіру үшін сот орындаушылар полиция қызметкерлерімен бірігіп рейдтер ұйымдастырады. Мұндай шаралардың да нәтижесі айтарлықтай жоғары.

Сондықтан алдағы уақытта азаматтардың салыққа қатысты жауаптылығын арттыру, берешекті дер кезінде өтемегендерге қолданылатын әкімшілік, қылмыстық жазадан жан-жақты хабардар ету кезек күттірмейді.



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ БІЛІМНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа оқу жылының қарсаңында ұстаздар қауымының дәстүрлі басқосуы биыл ерекше мазмұнмен өтті. Астанада өткен республикалық Тамыз конференциясына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, білім саласының бүгінгі ахуалы мен алдағы міндеттеріне тоқталды.


Биылғы конференцияның тақырыбы да кездейсоқ таңдалмаған: «Адам капиталы, білім, прогресс – Халықтық Конституцияның негізгі құндылықтары». Бұл атаудың өзінен-ақ білімге деген көзқарастың өзгеріп келе жатқанын аңғаруға болады. Білім енді тек мектеп, мұғалім, оқулық мәселесі емес. Ол – мемлекеттің адам капиталын қалыптастыратын, елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық ресурс. Президент те осыны атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, жаңа Конституцияда алғаш рет білім саласына айрықша мән беріліп, адам капиталы, білім, ғылым мен инновацияны дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды.

Қазақстанда білім саласына бөлінетін қаражат соңғы жеті жылда үш есеге өсіп, 6,4 триллион теңгеге жетіп отыр. Бұл – аз қаражат емес. Соңғы бес жылдың ішінде елімізде бір миллионнан астам оқушыға арналған 1120 мектеп салынды. Яғни мектеп инфрақұрылымын жанарту бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Бірақ ендігі мәселе – саннан сапаға көшу.

Жаңа мектеп салу, оларды заманауи кабинеттермен жабдықтау да маңызды. Компьютер, интерактивті такта, интернет, жасанды интеллект құралдары да қажет. Алайда мектептің ең басты капиталы ғимарат та, техника да емес, ол – мұғалім. Сондықтан Президенттің «Мықты мұғалім – сапалы ұлттың тірегі» деген сөзі конференцияның негізгі өзегіне айналды.

Мұғалім баланың тек білімін емес, дүниетанымын қалыптастырады. Технология ақпарат бере алады, бірақ баланың бойына жауапкершілік, еңбекқорлық, отаншылдық, адамгершілік сияқты қасиеттерді сіңіру – ең алдымен ұстаздың міндеті.

Білім сапасындағы өңірлік айырмашылық – Қазақстан үшін әлі де өзекті мәселе. Президент қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының алшақтығы азайып келе жатқанын атап өтті. Бірақ бұл бағытта арқаны кеңге салуға әлі ерте. Биылғы ҰБТ



нәтижелері де өңірлер арасындағы айырмашылықтың бар екенін көрсетті. Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының түлектері жоғары көрсеткіштерге қол жеткізсе, Түркістан, Ұлытау, Атырау, Ақтөбе және Алматы облыстарындағы жағдай жақсартуды қажет ететіні айтылды. Мәселені тек мұғалімнен іздеу дұрыс емес. Мектептің материалдық жағдайы, педагог кадрлардың тұрақтылығы, оқушы саны, ата-ананың әлеуметтік жағдайы, қосымша білімге қолжетімділік, интернет сапасы – мұның бәрі бала білімінің нәтижесіне әсер етеді. Осы жайлы айта келіп, Мемлекет басшысы «барлық балаға бірдей мүмкіндік» деген ұғымды нақты өмірде қамтамасыз ету – білім саясатының басты өлшемдерінің бірі болуы тиістігін қадап айтты.

Конференцияның тағы бір маңызды бағыты – жасанды интеллект. Бүгінде бала ChatGPT, түрлі цифрлық платформалар мен интеллектуалды құралдарды мұғалімнен бұрын меңгеріп кетуі мүмкін. Олай болса, мектептің міндеті – жасанды интеллекттен қорқу емес, оны дұрыс пайдалануды үйрету. Бала дайын жауапты көшіріп алуды емес, сұрақ қоюды, ақпаратты тексеруді, дерек пен жалған мәліметтің ара-жігін ажыратуды үйренуі керек. Президент те жаңа цифрлық дәуірде адами капиталдың маңызы арта түсетінін атап өтті. Қазақстан балалары халықаралық білім додаларын-



да жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. Осыған байланысты дарынды оқушыларды қосымша ынталандыру шараларын күшейту тапсырылды. Олимпиада жеңімпаздарымен қатар, ғылыми жобалар байқауында жеңіске жеткен оқушыларға да ақшалай сыйақы беру мәселесі көтерілді. Демек, бізге тек «ақылды бала» емес, жаңалық ашуға қабілетті, зерттей алатын, сыни ойлайтын жас ұрпақ керек.

Конференцияда қоғамның назарын аударуға тиіс тағы бір мәселе көтерілді. Ол – сапалы оқулық жайы. Өкінішке орай бұл тұрғыда олқылық аз болмай тұр. Соның айқын дәлелі – мектеп оқулықтарынан 700-ден астам қате анықталыпты. Конференцияда Президент осыған назар аударта келіп,

оқу материалдарындағы тексерілмеген тарихи деректер мен жалған мәліметтерді қайта қарауды тапсырды. Өйткені оқулықтағы қате – жай ғана техникалық қате емес. Оқулық арқылы бала дүниені таниды. Тарихты түсінеді. Өз елінің өткені мен бүгінін бағалайды. Сондықтан оқулық сапасына қойылатын талап та ерекше болуы керек. Отаншылдық – тарихты бояп көрсету емес, тарихты шынайы білу, одан сабақ алу.

Ұстаздардың көптен бері айтып келе жатқан тағы бір мәселесі – аттестаттау жүйесі. Конференцияда педагогтерді аттестаттау талаптарын оңтайландыру жөнінде тапсырма берілді. Мұғалімнің басты жұмысы – қағаз толтыру емес, бала оқыту. Егер

педагогтің уақыты есеп, анықтама, жоспар, түрлі формальды тапсырмаларға кетсе, оның кәсіби ізденісіне, оқушымен жеке жұмыс істеуіне уақыт азаяды. Сондықтан ұстазды бақылауды күшейтуден бұрын, оған сенім арту мәдениетін қалыптастыру қажет.

Балаға білім ғана емес, психологиялық қауіпсіз орта қажет. Қазіргі баланың мәселесі бұрынғыдан күрделірек. Ол мектепке ғана емес, әлеуметтік желіге, ақпарат тасқынына, түрлі виртуалды әлемге тәуелді ортада өсіп келеді. Осы мәселеге де тоқта-

Конференцияда қоғамның назарын аударуға тиіс тағы бір мәселе көтерілді. Ол – сапалы оқулық жайы. Өкінішке орай бұл тұрғыда олқылық аз болмай тұр. Соның айқын дәлелі – мектеп оқулықтарынан 700-ден астам қате анықталыпты. Конференцияда Президент осыған назар аударта келіп, оқу материалдарындағы тексерілмеген тарихи деректер мен жалған мәліметтерді қайта қарауды тапсырды.

ла келіп, Президент ақпараттың шамадан тыс көп болуы жас ұрпаққа кері әсер етуі мүмкін екенін айтып, балалардың психологиялық саулығына назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл жерде мектеп жалғыз қалмауы керек. Мемлекет – мектеп – ата-ана ұштағаны қатар жұмыс істегенде ғана баланың үйлесімді дамуына жағдай жасауға болады. Бала үшін ең маңызды нәрсе – тек жоғары баға емес. Оның өзін қауіпсіз сезінуі, пікірінің тыңдалуы, қателесуге құқығы болуы, өз қабілетін ашуға мүмкіндік алуы да маңызды.

Иә, әрбір тамыз конференциясында білім беру саласының өзекті мәселелері көтеріліп, міндеттер айқындалады. Әдемі жоспарлар жасалады. Бірақ қоғам үшін ең маңыздысы осы айтылғандардың нақты нәтижесі мектепке қашан жететіндігі. Ауылдағы мұғалімнің күнделікті жұмысы өзгере ме? Баланың білім сапасы арта ма? Оқулықтағы қателер азая ма? Мұғалім қағазбастылықтан арыла ма? Қала мен ауыл арасындағы алшақтық одан әрі қысқара ма? Жасанды интеллект баланың дайын жауапқа тәуелді болуына емес, өздігінен ойлауына қызмет ете ме? Білім реформасының шынайы нәтижесі осы сұрақтардың жауабынан көрінуі тиіс. Президенттің тамыз конференциясындағы сөзіндегі ең маңызды ой да осы – білім саласында бос сөзден гөрі нақты іске көшетін уақыт келгендігі.

Қазақстанның болашағы – бүгінгі мектеп партасында. Ол баланың қолында – кітап та, смартфон да бар. Оның алдында – жасанды интеллект те, әлемдік білім кеңістігі де ашық. Бірақ сол мүмкіндіктердің арасынан дұрыс жолды таңдайтын, елін сүйетін, еңбек ететін, ойлай алатын азаматты тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Сондықтан «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» деген сөз бүгін жай ғана мәртебелі теңеу емес, мемлекеттің білім саясатының негізгі қағидатына айналуы тиіс. Өйткені мектеп қандай болса – ұлттың ертеңі де сондай болады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



БЕЗБЕН

ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙЕНЕРІ – ЗАҢ

«Заң мен тәртіп» – әділетті Қазақстанның негізі, құқықтық бағыт-бағдары деуге болады. Мемлекетте осы жоба аясында құқықтық жауапкершілік артып, зайырлы елдегі адам құқығы алдыңғы орынға шықты. Мемлекет толерантты, адамзат құқығы мен бостандығын бағдар ететін елге айналды. Азаматтық институттар дамып, қоғамдық құқықтық сана деңгейі көтерілді.

Бірқатар заңдар әлеуметтің бет алысы мен уақыттың талабына сай қайта қарастырылып, қатанды, кейбірі сипаты мен құрамына қарай ізгілендірілді. Мұның бәрі елдегі сот корпустары мен прокуратура, өзге де құқықтық құрылымдардың пәрменінің артып, қолжетімділік пен ашықтыққа бет бұрғанын көрсетті. «Заң мен тәртіп» мемлекет үшін әрқашан алдыңғы орындағы күн тәртібінен түспейтін қағида. Ол қағида қылмыстың алдын алуға қатысты шаралардың бәріне мұрындық болып, елде орын алатын әртүрлі қылмыстардың себеп-салдарын зерделейді, соған қатысты алдын алу шараларын қарастырады. Ортақ күреске бүкіл қоғамды жыны-

сына, жасына, ұлтына қарамастан жұмылдырып, құқық бұзушылық деректерін жою мен азайтуға бірлесіп кіріседі.

Рас, қазір қылмыс заманына сай түрленуде. Бұған дейін қоғамда интернет алаяқтық аз болса, қазір керісінше әлеуметтік желілер мен интернет парактар арқылы бұл қылмыстың аясы кеңіді, құрбандарының аудиториясы ұлғайды.

Қоғамдық тәртіпті біз ортақ жауапкершілік есебінде қараймыз. Алайда, бөтеннің мүлкіне қасақана зиян келтіріп немесе әлеуметтік желілер мен жеке блог, сайттар арқылы біреудің арнамысына тию, оны жасына, жынысына, ұлтына қатысты қорлау, төмендетіп, арандатушы сөздер айту немесе жазу жиі кездеседі. Бүгінгі «Заң мен тәртіп» қағидасының келелі міндеттерінің бірі де осындай қылмыстардың алдын алу, жас ұрпақты мұндай қылмыстардан сақтандыру, заң үстемдігі орнаған ел екендігіне кепіл болу. Осындай үдделерді арқаалаған институт алдағы уақытта да тереңдеп, жан-жақты зерделеу аясын арттыруға тиіс.

Бұл тұрғыда кез келген адам желіде діни, ұлттық араздықты қоздыратын ақпаратты, қорлау, күш көрсету, жалған ақпараттарды жариялауға болмайды. Жеке парақшаға пост жазудың да жауапкершілігі жоғары. «Жеке



Айгүл ХУДИБАЕВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

парақшам, не салсам да өзім білемін» деу көптеген азаматтарды адастырып, опық жегізуде. Қазақстан секілді зайырлы мемлекетте өзге адамның ар-намысы мен құқығына нұқсан келтіруге жол берілмейді.

Қазір мемлекеттің құқықтық жүйесі әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде біреудің жеке басына өтуге, оның ар-намысына тиюіне жол бермейді. Азаматтық қоғам өкілдері көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болуға тиіс. Бұл тұрғыда мүмкіндігінше толерантты, мүмкіндігінше кең, мүмкіндігінше білімді, зиялы, ашық болған маңызды.

«Заң мен тәртіп» қағидасы Қазақстанның құқықтық әлеміне әжептәуір серпіліс берді. Құзырлы органдардың пәрменін арттырды. Енді заң мен тәртіпті аттап, өзге біреудің жеке кеңістігіне бас сұққан адамның жазасы – заң. Қарапайым халықтың сүйенері де – заң. Жеке мүддесі мен ішкі мәдениетіне иелік жасай алатын сауатты кез келген азамат заң мен тәртіптен аттамайды. «Заңға бағынған құл болмайды» демекші, заң мен тәртіп бар жерде зайырлы қоғам да бар, кемелденген сауатты ел де бар. Ендеше, «заң мен тәртіп» қағидаты қоғамға дер кезінде келді. Ары қарай да елдің құқықтық негізінің бекуіне еңбегін сіңіре береді.

САРАП

Мемлекеттік аппаратты қайта құру қоғам тарапынан болатын көрі байланыссыз мүмкін емес. Қазақстандағы Азаматтық альянс вице-президенті ретінде үкіметтік емес сектордың және қоғамдық бақылау институтының рөлін сапалы өзгерту жаңғырудың өзегіне айналып отыр дер едім.

«ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТ» ФОРМУЛАСЫ ОЙЫН ЕРЕЖЕСІН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТТІ

Бүгінде Қазақстанның Азаматтық альянсы мемлекет пен үшінші сектор арасындағы басты үйлестіруші буын ретінде қалыптасқан. «Еститін мемлекет» формуласы ойын ережелерін түбегейлі өзгертті: қоғамдық ұйымдар енді жай ғана өтініш білдіруші немесе сырттай бақылаушы емес. Біз реформалардың толыққанды тең авторларына және билік қабылдайтын шешімдерге сараптамалық сүзгі болатын институттарға айналдық.

Жаңғырудың қазіргі кезеңі азаматтық қоғам институттарынан эмоциялық сыннан кәсіби сараптамаға көшуді талап етеді. Азаматтық альянстың алаңдары, қоғамдық кеңестер және ашық диалогтар арқылы біз азаматтардың нақты сұранысын тікелей билік өкілдеріне жеткіземіз.

Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамдық бақылау тетіктерін күшейту арқылы нақты жүзеге асуда. Қоғамдық бақылау туралы арнайы заңның қабылдануы азаматтық секторға маңызды құқықтық тетіктер берді. Қазақстанның Азаматтық альянсы үшін бұл жергілікті бюджеттердің ашықтығын, әлеуметтік нысандардың, жолдардың құрылысы мен сапасын, сондай-ақ жер ресурстарын бөлу үдерістерін қатаң әрі жүйелі бақы-

лауды білдіреді. Саяси жаңғыру әлеуметтік этика өзгермеген жағдайда ұзақ мерзімді нәтиже бермейді. Сондықтан «Адал азамат» тұжырымдамасы Қазақстанның Азаматтық альянсының бүкіл жұмысының негізінде жатыр. Қоғамдық бірлестік ретінде біздің міндетіміз қоғамда жасампаз белсенділік, адал еңбек және ел тағдырына деген жеке жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Осындай синергияның жарқын мысалы – «Таза Қазақстан» бағдарламасы.

Қазақстанның Азаматтық альянсы мен еліміздің түкпір-түкпіріндегі жүздеген ҰЕҰ бұл бастаманы аумақтарды қарапайым тазалаудан қуатты экологиялық қозғалысқа айналдырды. Бұл – өз жеріне, өз қаласына немесе ауылына ұқыпты қарау әрбір қазақстандықтың ішкі қажеттілігіне айналатын жаңа тұрмыстық мәдениетті қалыптастыру. Жауапты азамат – жанарған саяси жүйенің берік іргетасы.

Қазақстан өткеннің формалды демократиялық тәжірибелерінен сенімді түрде арылып келеді. Ұлттық құрылтай және «Халық кеңесі» секілді жаңа форматтағы диалог алаңдарының құрылуы азаматтық қоғамның жалпыұлттық деңгейдегі институционалдық мәртебесін нығайтады. Бұл – қоғамның үні

салмақты әрі беделді естілетін тікелей байланыс арналары. Қазақстанның Азаматтық альянсының өкілдері біз үшін жауапкершіліктің еселен артуын білдіреді. Біз мәселені жай ғана тіркеп



Бауыржан АЙНАБЕКОВ,
Қазақстанның
Азаматтық альянсының
вице-президенті

қоймай, мемлекетке жан-жақты есептелген, дайын әлеуметтік және экономикалық шешімдерді ұсынуға міндеттіміз. Жаңғыру – абстрактілі ұран емес, әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы мемлекет, бизнес және азаматтық сектордың бірлескен қажырлы еңбегі.

КӨКЕЙКЕСТІ

ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМА БАЛАНЫҢ ҚАБІЛЕТ-ҚАРЫМЫН ҰШТАЙДЫ

Баланың жас ерекшелігіне қарай білімі мен қабілет-қарымын дамытатын, ойына қозғау салатын танымдық бағдарламалар дайындау қай кезде де өзекті. Кітап дүкендеріне барғанда түрлі-түсті боялған, бала тұрмақ ересектердің қызығушылығын арттыратын кітапшалардан көз тұнады. Солардың көпшілігі суреттерді дұрыс бояуға, түстерді дәл анықтауға үйретеді.

Ертегілерді ұсыну әдісі да ерекше. Бірінде ертегі тек суретпен бейнеленсе, екіншісінде мәтін беріліп, баланың сол мәтінге қарай өзі сурет салуына мүмкіндік қарастырылған. Ертегілерді екі тілде ұсынып, соңында баланың өз бетінше мәтіндер құрастыруына көмектесетін кітапшалар да бар. Өкініштісі, балаларға арналған осындай сансыз көп оқулық, кітапшалардың барлығы өзге тілде. Арасынан бірді-екілі қазақша ертегіні көріп қалсақ қуанамыз. Сонда қазақ балалары кітап оқымай ма, әлде ертегіге қызықпай ма? Жок, әрине! Тек бізде әдебиеттің осы саласы әлі толық игерілмей, мән берілмей жатыр.

Жазушы Зият Телесуованы да балалар детективіне әкелген осы қажеттілік еді. «Бірде кітап дүкеніне бардым. Шұпірлеген қара домалатар Агата Кристидің детектив кітаптарын қарап қызығып тұр екен. «Бізде неге осындай детектив жазатындар жоқ?» деп қояды бір-біріне. Кітап дүкенінен шыққан соң ойға қалдым. Шынында балалардың ойлау, сараптау қабілетін дамытатын, қиялдауына, армандауына жол ашатын детектив шығармалар неге бізде жоқ? Қазақ жазушылары детектив жаза алмай ма? Балаларды қызықтыратындай шытырман шығарма жазуға қазақ жазушыларының қабілеті жетпей ме? Осы сұрақтарға жауап іздеп біраз уақыт ой үстінде жүрдім. Сосын танымал детектившілердің бала танымына жақын шығармаларын аударуды бастадым. Бірақ оны кітап етіп шығару үшін авторлық құқыққа байланысты көптеген мәселе туындайды екен. Ақыры алғашында отандық тергеушілер қараған істерді негізге алып қазақша детектив жазуды бастадым. Осылайша алғашқы туындыларым жазылып,



кейіннен оны кітап етіп басып шығардым. Дүкен сөрелеріне түсісімен аз таралыммен шыққан кітаптарым бірден сатылып кетіп жатты. Бұл менің келесі кітапты жазуға деген құлшынысымды оятты. Осының өзі қазақ балаларының кітапқа құштар екенін көрсетсе керек», – деген еді.

Міне, осы сияқты кітаптар көбейсе телефонға телміріп уақытын текке өткізетін бүлдіршіндер қатары азаяры даусыз. Әрине, интернеттегі ақпараттың барлығы зиянды, қажетсіз деуден аулақпыз. Дегенмен, кітапқа жинақталып берілген ақпарат баланың есінде көбірек сақталатынын дәлелдеу артық.

Балалар әдебиетін былай қойғанда, балалар басылымдарының өзі қазір өте аз таралыммен шығады. Баспасөзге жазылу мәдениеті жыл өткен сайын ұмытылып барады. Баланың таңдау еркіндігін ескерген дұрыс шығар, десек те мектеп қабырғасында әр оқушының бір балалар басылымын жаздырып алып оқуын міндеттеген артықтық етпейді. Үйіне уақытылы келіп тұратын басылым баланың бірте-бірте кітап оқуға, өз бетінше ізденуге деген түсінігін орнықтырады. Тіпті басылымға жазылуға жағдайы келмейтін отбасыларға мемлекеттен арнайы қаржы бөліп, демеушілер тауып жақсы істі ұйымдастырған ұтымды болар еді. Әрине, бағасы қымбат ұялы телефон, ноутбук алуға қаржы тапқан ата-ананың газет-журналды жаздыруға жағдайы келмейді десек қисынға келмес. Дұрысы бүгінгі

КНЕ

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

*Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,*

Өз тіліңді құрметте, – деп Қадыр Мырза Әли акын жырлағандай, өз тілімізді құрметтеу біздің міндетіміз.

Еліміздегі мемлекеттік тілдің рөлі баршамызға айқын. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның қолданылу аясын кеңейту – мемлекет назарында тұрған өзекті тақырыптың бірі. Маңғыстау облысының сот, құқық қорғау жүйесінде мемлекеттік тілді қолдануды 100 пайызға жеткізу бойынша мақсатты шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді. Бүгінде республика соттарында іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруге қатысты талаптыңғылықты орындалуда. Маңғыстау облыстық соты тарапынан барлық жергілікті соттарға іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді қолға алу туралы нақты тапсырма берілген. Бұрын мемлекеттік тілді жетік білетін қорғаушылар санаулы болса, қазір халықтың сұранысына сай адвокаттар да қазақ тілін үйреніп, іс жүргізуге машыктанып келеді. Бұл тараптар үшін өте маңызды. Тергеу органдарынан немесе тараптардан талап арыз қай тілде түссе, сот істі сол тілде өткізеді. Бірақ судья басты қатысушылардың тіліне, бейімділігіне, түсіне алуына мән береді. Кейде орыс тілінде заңдық көмек көрсетушілердің істі негізсіз қазақ тілінде жүргізбей, орыс тілінде жүргізуге бейімдігін немесе көрінеу заңсыз әрекеттерін түзетуге тура келеді.

Соттар мемлекеттік тіл саясатын қолдап, хат алмасу мен іс құжаттарын мемлекеттік тілде жүргізуге, сот отырыстарын тараптардың еркін менгерген өз ана тілінде өткізуіне мүдделі.

ПАЙЫМ

АБЫРОЙ мен СЕНІМ
МЫСҚАЛДАП ЖИНАЛАДЫ

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік тармағының бірі – сот билігі. Сот жүйесінің маңызы да, мәртебесі де орасан зор. Өз тарихымызда сот қызметі көшпелілер өркениетінде теңдесі жоқ құрметке ие болған әйгілі билер мен би кеңестерінен бастау алып, бүгінгі күнге дейін ұлтымыздың киелі өнегесі саналып келген Әйтеке би, Қазыбек пен Төле билердің ұстанымына лайық дамып, өркендеп отыр.

Өзге салалармен бірге тәуелсіздік сот саласының да бұғанасының қатып, белінің қатаюына ықпалын тигізді. Мемлекет тарапынан сот саласын дамытуға жасалған қолдау, қамқорлық аз емес. Өйткені елдегі қауіпсіздік, әділдік, туралы ұғымның бәрі сот жұмысының сапасымен өзектес. Азаматтардың сотқа деген сенімінің өзі мемлекеттік билікке деген сенімнің бастауы. Соттың абыройын мемлекетің абыройынан бөліп қарамайтынымыз да сондықтан. Абырой мен сенім мысқалдап жиналады. Ал осы соттың нығаюына 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының ықпалы зор. Бұл заң құқықтық, тәуелсіз мемлекеттегі сот билігі мен судьялардың мәртебесін бекітіп, жауаптылығын арттырудың іргетасын қалады.

Егемендік тізгіні қолға тиген кезден бастап, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен оның ашықтығына қатысты талай іргелі істер Ақтөбе өңірінде де жүзеге асырылып, бұл қадамдар мемлекетіміздің құқықтық демократиялық мәртебесін нығайта түскені рас. Халқының құқықтық сауаты жоғары Ақтөбе облысының соттары аймақтағы әрбір азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін әділдікпен қорғай білуде. Сот рәсімдерінің қолжетімді және ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында электрондық құралдардың озық мүмкіндіктерін пайдалану елімізде алғаш рет Ақтөбеден басталды. Сот пен заң алдында бәрінің тең болуы, сот ісін жүргізудегі жариялылық, тараптардың дәлелдерді еркін пайдалануы, кінәсіздік презумпциясы сияқты арнайы қағидалар арқылы сот билігін неғұрлым ашық түрде жүзеге асырудың мүмкіндіктері жасалды.

Еліміздегі сот органдары бүгінгі таңда жоғары даму кезеңіне көтерілді. Сот әділдігінің ашық әрі қолжетімді болуы үшін көптеген ауқымды істерді жүзеге асырып, халықаралық талаптарға сай отандық сот жүйесі өркендеп келеді.

Судьялар заңнамаларды мұқият зерделеп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жоғарғы деңгейде қорғауды мұрат тұтады. Кәсіби біліктіліктен қатар, судьяның адамгершілік тұрғыдағы қасиеттеріне де талап күшейтіліп, оның мәртебесі мен абыройы өсті.

Егемендік есейткен саладағы өз өзгерістер заманауи технологияның көмегімен қарыштап дамуда. Бұрын іс материалдарының судьяларға автоматты түрде бөлінуін, арыз-шағымдардың «Сот кабинеті» арқылы қашықтан қабылдануын, сот отырысының дыбыс-бейне жазу құрылғыларына жазылуын, куәлардың шетелде жүріп сот отырысына қатысуын таңсық көретін жұртшылық соттардың жаңа технологияны қаншалықты жетік меңгергеніне қарап кезінде әбден көз жеткізді. Электрондық қызмет игілігінің арқасында сот саласының қызметі бір сәт те тоқтамады. Мұндай заманауи қадамдар алдағы уақытта да жалғаса береді. Ең бастысы, тәуелсіз соттың тірегі болар тәуелсіз еліміз бағытынан айнамай, бағдарынан жаңылмай өркениеттің көшіне ілесе берсін!

Бекмырза КЕҢЕСОВ,
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының
сот әкімшісі басшысының орынбасары



«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

Оқуға, терең білім алуға, ізденуге, елге еңбек етуге мүмкіндік беретін тәуелсіз мемлекеті бар жастар бақытты. Қазақстан билігі қай кезеңнен болсын жастарға иек артады, үміт етеді, сенеді, жарқырауына мүмкіндік береді. Осыдан бірнеше күн бұрын Мемлекет басшысы халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүздегерлерімен кездесті.

Жастарды тыңдады, өз ойын айтты, болашаққа жоспар құрды. Мемлекет тарапынан қай кезде болсын дарынды жастарға әрдайым қолдау көрсетілетінін, жастардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін барынша жағдай жасалатынын айтты.

«Мен қазақ жастарының отаншыл, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын»

— Әлем тез өзгеріп жатқаны соншалық, таяу келешекте не боларын ешкім тап басып айта алмайды. Бірақ білімге күштарлық, өз күшіңе сену, табанды еңбек кез келген уақытта табысқа жетелейтінін ұмытпауымыз керек. Келешек туралы бір нәрсені сеніммен айтуға болады — түбі адам капиталын дамытуға және жаңа технологияларды экономика мен қоғамның барлық саласына енгізуге баса мән берген елдер озады. Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін биыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Сіздер, талантты жастар осы жасампаз үдерістердің алдыңғы шебінде жүресіздер. Қазақстан жастары Сіздерге қарап бой түзейді, үлгі алады. Білім мен ғылым, инновация мен озық технология — бү-



гінгі дәуірдің басты қаруы. Жаһандық бәсекеде білімді, зияткер елдер ғана алға шығады. Сондықтан мен сіздерді «Қазіргі заманның нағыз батырлары» деп санаймын. Мен қазақ жастарының отаншыл, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын. Олар елге жанашыр, табиғатқа қамқор, нағыз адал азамат болуын тілеймін. Атап айтқанда, ерік-тілердің еңбегін жоғары бағалаймын, қолдаймын. Мен жастарға сенемін! — деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда ел жастарының басым бөлігі білімнің бақытты болашақ кепілі екенін түсінген, сол ретте қажетті деген салаларға маманданып та жатыр. Жаңа технологиялар болашақтың мамандықтарын ЖИ-мен байланысты-

рып жатыр. Осы ретте елімізде жаңа технологиялардың барлық тетігін меңгеруге мамандандыратын High-Tech мектептер ашылды. Бұл білім ордаларының шәкірттері қазіргі таңда халықаралық додалар мен ел ішіндегі сайыстарда мәре биігінен көрініп

дық жастарға білімін елден асырмасқа амал қалмады. Президенттің өткен аптадағы бұл кездесуінен ел жастарына иек арту, оларға елді, туған жердің болашағын үлкен сеніммен аманаттау, Қазақстанның мәртебесін халықаралық ареналарда жоғарылатады деген үміт, сенім есіп тұрды.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев жас ұрпақтың білімін шыңдаған аса мәртебелі ұстаздар қауымына алғыс айтты.

— Қазір біздің ортамызда саналы ұрпақ тәрбиелеп, оларды үздіктер қатарына қосқан ұлағатты ұстаздар отыр. Сіздердің ерен еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Қабілетті балаларды оқытып, оларды халықаралық жарыстарға даярлайтын педагогтерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл — ең ізгі іс. Сіздердің еңбектеріңізді мемлекет міндетті түрде ескереді. Үкімет пен өңір басшыларына осындай тапсырма беріледі, — деді ел басшысы.

«Қазақстан — нағыз дарынды жастардың елі»

Президент сондай-ақ Қазақстанды — нағыз дарынды жастардың елі» деп атады. Бұл да ел басшысының өз жастарын мақтан тұтатынын көрсетеді.

— Әлем тез өзгеріп жатқаны соншалық, таяу келешекте не боларын ешкім тап басып айта алмайды. Бірақ білімге күштарлық, өз күшіңе сену, табанды еңбек кез келген уақытта табысқа жетелейтінін ұмытпауымыз керек. Келешек туралы бір нәрсені сеніммен айтуға болады — түбі адам капиталын дамытуға және жаңа технологияларды экономика мен қоғамның барлық саласына енгізуге баса мән берген елдер озады.

жүр. Олар ұсынатын әрбір жаңа туынды, әрбір жаңа жетістік мемлекеттің игілігіне қызмет ететін болашақтың ғажайыптары екені анық. ЖИ бәсе-кені арттырады. Ендеше, қазақстан-

— Биыл оқушыларымыз 44 халықаралық олимпиада мен ғылыми сайысқа қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды. Оның 200-ден астамы — алтын медаль. Мұны тамаша жетістік деуге

болады. Осы тұста халықаралық физика олимпиадасында керемет өнер көрсеткен оқушыларды ерекше атап өткім келеді. Беделді бәсекеге қатысқан бес талапкеріміздің бесеуі де алтын медаль алып, жеңімпаз атанды. Бұл — бұрын-соңды болмаған бірегей көрсеткіш. Жалпы, біз барлық бағыттар бойынша осындай үздік нәтижеге ұмтылуымыз керек. Қазақстан жастарының әлеуеті оған толық жетеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Смартфон — TikTok-қа телміретін құрал емес»

Президент заманауи технологияны жамандыққа, бос уақыт өткізіп, теріс дүниелерге емес, нағыз кәсіпті дөңгелетуге, игілікті, табысты, пайдалы дүниелерге бағыттауды тапсырды.

— 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Жолдауда осы тақырыпты қозғаймын. Біз цифрлық мемлекет құрудың, яғни цифрлық қызметтер ұсына алатын мемлекет болудың алғашқы кезеңінен өттік. Өзге елдермен салыстырғанда өміріміз әлдеқайда жеңілдеді. Мұны өздеріңіз де көріп, байқап жүрсіздер. Қазір көп шаруаны үйден шықпай-ақ шеше аласыздар. Бұрын мұның бәрін реттеуге уақыт жұмсап, табан тоздыруға тура келетін. Сондықтан цифрлық сервис көрсететін мемлекет ретінде қалыптасу қажет болды.

Цифрландыру мен жасанды интеллект халыққа, еліміздің барша азаматына қызмет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, смартфон — ермек үшін ұстап, ертеден кешке дейін TikTok-қа телміретін құрал емес. Смартфонмен ақша табуға болады. Мәселені осылай төтесінен қойған жөн. Әсіресе, бұл шаруаларға керек. Олар ауыл-аймақтан шықпай-ақ кәсібін жүргізуге заманауи технологияны пайдалана алады. Алдағы уақытта Үкімет дәл осы міндетті орындайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



«Баламды үйлендірдім, ел-жұртты жинап, үлкен той жасадым» деген сөз қазақ үшін қашаннан бері үлкен мәртебе саналады. Той — қуаныштың ғана емес, ағайынның басын қосатын, құдалықты бекітетін, үлкендердің батасын алатын, жаңа шаңыраққа ақ жол тілейтін ұлттық дәстүріміз. Бірақ бүгін бір нәрсе өзгеріп барады. Жастардың бір бөлігі бұрынғыдай үш жүз, төрт жүз адам шақырып, бірнеше күнге созылатын тойды қаламайды. «Ең жақын адамдарымыз ғана болса», «артық шығындалмайық», «сола ақшаға баспана алайық», «саяхаттайық», «жаңа өмірімізге қажет нәрсеге жұмсайық» дейді. Бұл — дәстүрден безінбе? Әлде дәстүрдің сыртқы формасы өзгеріп, ішкі мәні сақталып келе ме?

Қазақстанда 2025 жылы 115,9 мың неке тіркеліпті. Оның 78,9 мыңы — қалада, 37 мыңы — ауылда. Алғаш рет отбасын құрған ерлердің орташа жасы 27,9, әйелдердің орташа жасы 25,3 болды. Яғни, жыл сайын жүз мыңнан астам жас отбасы өмірдің жаңа кезеңіне қадам басады. Бірақ сол отбасылардың барлығы бірдей дәстүрлі түсініктегі үлкен той жасамайтын болды. Өйткені, қазіргі жастардың алдында бұрынғы ұрпақта болмаған жаңа мүмкіндіктер де, жаңа шығындар да бар. Пәтер алу, ипотека төлеу, білім алу, саяхаттау, кәсіби тұрғыдан орнығу — мұның бәрі отбасы құрған сәтте маңызды мәселеге айналады. Сондықтан жас жұбайлардың «Бір күндік тойға ондаған миллион теңге жұмсағанша, сол қаражатты өз болашағымызға салмаймыз ба?» — деуі орынды. Расында, қазақтың тойы арзан түрмейді.

2026 жылғы нарықтық есептердің бірінде Қазақстандағы шағын тойдың өзі ас мәзірі, сақина және саяхат сияқты кейбір шығындарды қоспағанда, шамамен 4-5 млн теңгеге түсетіні көрсетілген. Ал толыққанды тойдың бюджеті 7-10 млн теңге шамасында болуы мүмкін. 150 адамға арналған дәстүрлі тойдың негізгі шығындары есептелгенде, жалпы сома 9,2 млн теңгеден 31,8 млн теңгеге дейін жетіп жығылады. Мұнда мейрамхана, киім, фото-видео, декор, асаба, музыка, жарық және тойбастар секілді шығындар қамтылып отыр. Бұл барлық отбасы дәл осынша ақша жұмсайды деген сөз емес. Баға өңірге, қонақ санына, мейрамхана деңгейіне, әртіске, безендіруге және отбасының мүмкіндігіне қарай катты өзгереді. Бірақ мәселені ауқымын түсіну үшін осы цифрлардың өзі жеткілікті. Мысалы, 20 млн теңге — жас отбасының баспанасына қосылатын қомақты алғашқы жарна болуы мүмкін. Кәсіп бастауға, білім алуға немесе бірнеше жылдық ипотекалық төлемге де жарар еді. Олай болса біз баламыздың үйленгенін елге көрсету үшін



ақша жұмсаймыз ба, әлде оның ертеңгі өмірін қалыптастыру үшін жұмсаймыз ба?

Қазақ тойының тағы бір ерекшелігі — «шашу» мен «тойбастардың» бөлек, қонақтардың сый-сияпаты. Сондықтан кей отбасылар той шығынының бір бөлігін қонақтардың берген сыйлығымен жабуға үміттенеді. Бірақ бұл да есепке алынуды тиіс етпекел. Тойды «қонақтың ақшасы жауып кетеді» деген есеппен жасау — отбасы бюджетін белгісіз табысқа байлау деген сөз. Оның үстіне тойдың әлеуметтік қысымы бар. «Пәленшенің баласы осындай той жасады, түгеншенің тойына бес жүз адам келді, біздің баланың тойы одан кем болмауы керек» деген салыстыру кейде адамның қалтасына емес, намысына жұмыс істейді. Ал намыспен жасалған шығынның соңы қарызға айналуы мүмкін.

Тойдың мәні барлық халықта бар. Бірақ оның формасы әртүрлі. Мәселен, Жапонияда 2025 жылғы зерттеуде үйлену тойына орта есеппен 56 адам шақырылған, ал орташа шығын 3,159 млн иен болған. Бұл елде қонақ санының салыстырмалы түрде шағын болуы тойдың сапасына кедергі емес. Ең маңыздысы — рәсімнің ұқыптылығы мен екі отбасының қуанышы. Жапон мәдениетіндегі тағы бір қызық нәрсе — қонақтардың ақшалай сыйлығы, яғни гошүги дәстүрі. Осы арқылы қонақтар жас отбасының алғашқы шығындарын жеңілдетуге үлес қосады. АҚШ-та 2025 жылы үйлену тойына орта есеппен 117 қонақ шақырылған. The Knot зерттеуіне сәйкес, салтанат пен қабылдаудың орташа құны шамамен 34 мың доллар болған. Қонақтардың 71%-ы бал аяына барған. Яғни, америкалық модельде де қомақты шығын бар. Бірақ

назар тек қонақ санында емес, жас жұбайлардың өз қалауы мен жеке тәжірибесіне көбірек бағытталған. Түркияда бізге жақын дәстүрлер көп. Құда түсу, жасау дайындау, қына түні, келін түсіру сияқты рәсімдер бар. Түркияның Мәдениет және туризм министрлігі мәліметінше, дәстүрлі той кей жерлерде бірнеше кезеңнен тұрады, ал қазіргі кезде экономикалық және әлеуметтік себептерге байланысты демалыс күндеріндегі екі күндік форматтар да кең тараған.

Түрік қоғамындағы бізге ерекше таныс дәстүрдің бірі — алтын тағу. Қонақтар жас жұбайларға алтын немесе ақша береді. Ғылыми зерттеулерде бұл сыйлықтардың тек сәндік емес, жас отбасының бастапқы капиталы ретінде де қарастырылатыны айтылады. Міне, бұл жерде бізге ой салатын нәрсе бар. Сыйлықтың өзі де жас отбасының болашағына қызмет етуі мүмкін.

Қазіргі қазақ тойының шығыны тек ақшамен өлшенбейді. Оның артында айлап дайындық тұрады. Мейрамхана іздеу, қонақ тізімін жасау, киім таңдау, декор жасау, асаба мен әнші іздеу, фото-видео түсіруші жалдау қаржылық шығындармен қоса уақытты да қажет етеді. Оның үстіне кейде бір отбасының бір ғана үйлену тойы бірнеше жеке шараға бөлініп кетеді. Ал жастардың уақыты — ең қымбат ресурс. Жұмыс, оқу, мансап, бизнес, жаңа үйге бейімделу сияқты міндеттердің арасында бірнеше ай бойы той ұйымдастыру кей жасқа ауыр болуы мүмкін. Сондықтан жастардың шағын тойды таңдауы — жалқаулық емес, бұл кей жағдайда уақыттың құнын түсінудің белгісі.

«Үлкен той жасамау — дәстүрден бас тарту»

ма? Меніңше, олай емес. Дәстүрдің мәні — адамның өмірін қиындату емес, өмірін мәнді ету. Қазақтың тойы үлкендердің батасын алудан, ағайынның басын қосудан, екі әулетті жақындастырудан басталған. Егер сол мән сақталса, 500 адамның алдында жасалған той мен 30 адамның арасында өткізілген шағын дастарқанның айырмашылығы неде? Шын мәнінде екеуінде де ақ бата бар, екеуінде де қуаныш бар, екеуінде де екі жасқа тілек айтылады. Екеуінде де екі әулет таньсады. Ендеше, мәселе қонақтың санында емес, тойдың мазмұнында болуы мүмкін. Бәлкім, біз тойдың өзін емес, тойға деген көзқарасымызды өзгертуіміз керек шығар?

Қызығы сол Қазақстандағы үйлену тойларының форматының өзгеріп келе жатқанын нарықтың өзі де байқап отыр. Сарапшылар соңғы жылдары 300-400 адамдық тойдың орнына 100, тіпті 50 қонаққа арналған камералық форматқа қызығушылық артқаны туралы айтады. Бұл — кездейсоқ құбылыс емес. Қоғам, экономикалық талап, жастардың өмір салты өзгереді. Олай болса, тойдың формасы да өзгеруі заңды. Бірақ өзгермейтін нәрсе болуы керек. Ол — үлкеннің батасы, ата-ананың қуанышы, екі жастың бақыты және екі әулеттің сыйластығы.

Той жарыс болмауы керек. Сондықтан бізге «кімнің тойы үлкен?» деген сұрақтан гөрі «кімнің отбасы бақытты?» деген сұрақ маңыздырақ болатын уақыт келген шығар. Бір отбасы 30 млн теңге жұмсап үлкен той жасар. Екіншісі 3 млн теңгеге шағын ғана дастарқан жайып, қалған қаражатына жас жұбайларға баспана алар. Үшіншісі балаларына саяхат сыйлар.Төртіншісі жаңа кәсіп ашуға көмектесер.Бұлардың ешқайсысы дәстүрге қарсы емес. Өйткені дәстүр адамның бақыты үшін қызмет етуі керек. Ал егер бір күндік той жас отбасының бірнеше жылдық қаржылық жоспарын бұзса, онда біз «той қалай өтті?» дегеннен бұрын «тойдан кейін жастар қалай өмір сүреді?» деген сұрақты қоюымыз керек.

2025 жылы Қазақстанда 115,9 мың отбасы шаңырақ көтерді. Бұл — 115,9 мың жаңа өмірдің басталуы. Ендеше әр тойдың соңында музыка тоқтап, қонақтар тарқап, дастарқан жиналғаннан кейін ең маңызды кезең жас отбасының шынайы өмірі басталады. Сол өмірдің алғашқы күні қарыздан емес, қуанышпен басталса екен. Бәлкім, бүгінгі жастардың «үлкен той жасамаймыз» дегені — дәстүрден бас тарту емес, өз өмірінің жауапкершілігін өз қолына алғысы келгені шығар. Ал біз, үлкендер, олардың таңдауын түсініп, дәстүрдің сыртқы сәнін емес, ішкі мәнін сақтауға көмектесуіміз керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ
«Заң газеті»

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ
ӘЛІ ШЕШІЛГЕН ЖОҚ

Жаңа оқу жылы қарсаңында студенттерді жатақханамен қамту мәселесі қайта күн тәртібіне шықты. Әсіресе жоғары оқу орындары көп шоғырланған Алматыда студенттік баспанаға сұраныс әлі де жоғары. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, бүгінде қаладағы 35 жоғары оқу орнында 221 мың студент білім алады. Оның 149 мыңы еліміздің басқа өңірлерінен келген.



Соңғы бір жылда қаладағы жатақхана орындарының тапшылығы 23,7 мыңнан 5,7 мың орынға дейін қысқарған. Дегенмен жаңа оқу жылы қарсаңында жатақхана іздеген студенттердің мәселесі толық шешіле қойған жоқ. Қазір Алматыда 136 студенттік жатақхана жұмыс істейді. Оларда 46,2 мың студент тұрады. 2023 жылдан бері қалада 43 жаңа жатақхана пайдалануға беріліп, өткен жылдың өзінде шамамен 4,5 мың жаңа орын ашылған. Соған қарамастан, жатақханаға сұраныс жоғары. Әсіресе бірінші курс студенттерін орналастыру басталған кезеңде жоғары курс студенттерінің бір бөлігі пәтер немесе хостел іздеуге мәжбүр.

Аты-жөнін атамауды өтінген Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде білім алатын студент өткен жылы жатақханада тұрғанын, алайда биыл орын ала алмағанын айтады.

«Өткен жылы жатақханада тұрдым. Биыл алдымен бірінші курс студенттері орналастырылатынын айтты. Егер одан кейін бос орын қалса, жоғары курс студенттеріне беріледі. Қазір орын жоқ болғандықтан, пәтер мен хостел қарап жүрмін. Жаңа оқу жылы жақындаған сайын жалға берілетін баспана табу да қиындай түседі», – дейді студент.

Жатақхана тапшылығы Алматыға ғана тән мәселе емес. Республика бойынша студенттерді баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасып жатыр. Қазақстанда 386 студенттік жатақхана бар. Олар 122 мыңнан астам

жатақханаларға орналастыру жұмыстары жүргізіледі», – деді Ақерке Абылайхан.

Студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстары тамыз айының соңында басталады. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында студенттер мен оқуға қабылданып жатқан талапкерлерден құжат қабылдау жалғасып жатыр. Сондықтан биылғы нақты қажеттілік қыркүйек айының басында нақтыланады. Жатақханаларда орын жетпеген жағдайда студенттерді жеке хостелдер мен басқа да уақытша орналастыру орындарына жіберу мүмкіндігі қарастырылады. Мұндай нысандардың қауіпсіздік және санитарлық талаптарға сәйкес болуы қадағаланады.

Ақерке Абылайханның айтуынша, өткен жылы Алматыдағы 23 хостел жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасасып, студенттерді орналастырған.

Алматының өзінде 2026 жылы 30 094 мемлекеттік білім беру гранты бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 700-ге, ал 2024 жылмен салыстырғанда 1 600-ге көп.

орынмен қамтылған. Оның ішінде жоғары оқу орындарының жанында орналасқан 258 жатақханада 92 732 орын бар. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, студенттерді жатақханамен қамту мәселесін шешу үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері де қолданылып келеді. Осы бағытта бүгінге дейін 281 жатақхана пайдалануға беріліп, 72 125 орын ашылған. Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайханның айтуынша, биыл жатақханаға нақты қанша студент мұқтаж екені студенттерді орналастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін белгілі болады.

«Жатақханаға орналастыру қолданыстағы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға басымдық беріледі. Атап айтқанда, жетім балаларға, мүгедектігі бар азаматтарға және басқа да әлеуметтік санаттарға жататын студенттерге бірінші кезекте орын беріледі. Сонымен қатар бірінші курсқа қабылданған студенттерді жоғары оқу орындарының жанындағы

Алматы әкімдігінің мәліметінше, биыл жаңа оқу жылының басына дейін жатақхана, хостел және қонақүйлерді қоса есептегенде студенттер үшін 61,2 мың орын дайындау жоспарланған. Оның шамамен 11 мың орны хостелдер мен қонақүйлерде қарастырылған. Сонымен қатар 2026 жылдың соңына дейін Алматыда тағы 13 нысанды іске қосу жоспарланып отыр. Олар толық пайдалануға берілсе, қаладағы студенттер үшін қосымша 4 658 орын ашылады. Жатақханаға сұраныстың өсуіне студенттер санының артуы да әсер етіп отыр. 2026 жылғы негізгі Ұлттық бірыңғай тестілеуге 233 мыңға жуық талапкер қатысты. Өткен жылы олардың саны шамамен 210 мың болған. Биыл бакалавриат бағдарламалары бойынша 75 мыңнан астам мемлекеттік білім беру гранты бөлінді.

Жатақхана саны жыл сайын көбейіп келеді. Алайда студенттер қатарының өсуіне байланысты тұрғын үйге деген сұраныс та қатар артып отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

НАРЫҚ

ӨНДЕУ СЕКТОРЫ ОТАНДЫҚ
ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖАНДАНУЫНА СЕП

Соңғы жылдары Президент тапсырмасы негізінде елдегі өңдеу секторы мен отандық өнеркәсіпті қайта көтеру жұмыстары едәуір жанданды. Мәселен, өңдеу өнеркәсібі 2025 жылы 6,1%-ға өсіп, өндіріс көлемі 16 трлн теңгеден асыпты.



Бұл мәселе тек орталық қалаларда ғана емес, бүкіл Қазақстан аумағында, облыс, аудан, қала, ауылдар шеңберінде де қарқынды қолға алынған. ҚР Үкіметі отандық тауар өндірушілерді қолдауға және өңдеуші саланы дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр.

Соның нәтижесінде өңдеу өнеркәсібі тұрақты өскен.

Сонымен қатар кейінгі кездері мемлекеттік сатып алуда отандық өндірушілерге басымдық берілуде: 2025 жылдың 7 айында отандық өндірушілердің сатып алу көлемі 1,5 есеге өсіп,

жалпы құны 1,2 трлн теңгеден асты. Өңдеу саласын дамыту тіпті кеңестік кезеңде де үлкен маңызға ие болған. Бұған дейін жүзеге асырылған 2020–2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы өндіріс орындарын жаңғыртуға, жаңа кәсіпорындар ашуға және жұмыс орындарын көбейтуге жол ашты. Ал қазіргі жаңа кезең осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, өнім сапасын жақсарту мен экспорттық әлеуетті кеңейтуге басымдық беріп отыр. Қазір ауылдық жерлерде өңделген өнім түрлерін көбейту, өнеркәсіптік қуаттылықты арттыру үшін базалық салаларды дамыту, сондай-ақ заманауи технологияларды енгізу мен цифрландыруды жеделдету қарқынды жүзеге асып жатыр. Бұл шаралар отандық өндірістің тиімділігін арттырып қана қоймай, жергілікті жерлерде жұмыс орындарының көбеюіне мұрындық болып отыр. Тері өңдеу, темір қалдықтарын қайта балқытып, қажетке жарату, жер, ауылшаруашылық салалары бүгін де қарапайым еңбек адамдарының арасында қайта жанданып, өрісін кеңейтуде. Отандық өндіріс жанданса, елде шикізат тапшылығы жойылатыны анық.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН

РЕЙД

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында ана мен баланы қорғау шараларын күшейту қажеттігіне жүйелі түрде назар аударады. Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, ҚР Ішкі істер министрі 2026 жыл «Заң мен Тәртіп – қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы деп жариялады. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ
БАЛАЛАР

Осыған байланысты, конституциялық, азаматтық және өзге де адами құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз ету, халықтың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында Кентау қалалық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Кентау қаласында балалардың құқық бұзушылығының алдын алу барысында «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара жиі ұйымдастырылып тұрады.

Тәулік бойы тыным таппай, көмелетке толмағандардың ісімен айналысатын тәртіп сақшылары үнемі ата-аналар және оқушылармен жүйелі түрде кездесулер өткізіп, еліміздегі заң нормаларын түсіндіреді.

Ойын-сауық мекемелері мен интернет клубтарға барып 19 рейд жүргізіп, нәтижесінде ата-анасыз жүрген 16 оқушы анықталған. Осыған байланысты 5 ата-анаға әкімшілік айыппұл салынып, 16 ата-анаға ескерту берілді.

Соған қарамастан жақында тағы да көмелетке толмағандардың қатысуымен 3 құқықбұзушылық оқиғасы тіркелді. Атап айтар болсақ, №5 Абай атындағы, №6 А.С.Пушкин атындағы, №12 Б.Момышұлы атындағы мектептерден бір-бір оқушы төбелеске қатысты деген күдікке алынды. Ал көмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар бойынша өткен жылы Кентау қаласында 15 дерек тіркелсе, жыл басынан бері мұндай дерек тіркелмеді. Бұл жағдайдың барлығы сабақтан тыс уақытта орын алған. Және де демалыс күндері орын алғаны анықталған. Қазіргі таңда оқушылардың жағдайы қалыпты.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында қалалық Полиция бөлімінің есебінде 6 оқушы тіркелген. Сонымен қатар, мектепшілік есепте 61 оқушы тұр. Суицидке оқталған бір жағдай тіркеліп, ерте жүктілік дерегі анықталмаған. Ата-аналардың жазбаша келісімі бойынша жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылармен буллингтің, суицидтің, ерте жүктіліктің және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында тренингтер мен іс-шаралар өткізілуде. Сонымен қатар, жүргізілген талдау нәтижесі бойынша жасөспірімдер арасында тәуекел тобына алынған оқушылар санының азайғаны байқалады. Оқу жылының басында тәуекел тобында 2338 оқушы болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 2325-ке төмендеген.

Кентау қалалық ПБ тарапынан Білім беру ұйымдарында көмелетке толмағандар тарапынан орын алатын қылмыстар мен оларға қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алу бағытында жұмыстар атқарылуда. Білім беру мекемелеріне жауапты қызметкерлер бекітіліп, оқушылармен күнделікті профилактикалық алдын алу жұмыстары атқарылуда. Сонымен қатар, Кентау қалалық ПБ қызметкерлерінен түнгі жасақтар құрылып, көмелетке толмағандар көп шоғырланатын орындар мен ойын-сауық орындарында рейдтік шаралар жүргізілуде.

«Заң және Тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында көмелетке толмағандар құқық бұзушылығының профилактикасы бойынша оқушылармен «Ашық сабақ» өткізіліп, оған 400-ден аса оқушы қатыстырылды. Кентау қаласы аумағында 2026 жылдың 3 ай көлемінде көмелетке толмағандармен 2 қылмыс дерегі орын алған. Аталған көмелетке толмағандардың занды өкілдеріне қатаң шаралар қолданылатын болады. Қазіргі уақытта көмелетке толмағандардың үй-жайынан немесе оқу орнынан себепсіз кетіп қалу деректері көптеп орын алуда. Ата-анасына, мұғалімге немесе достарына режіпті үйіне бармай жүретіндер де кездеседі. Әрине, бұл бала тәрбиесіндегі өзекті мәселенің бірі.



Кентау қалалық ПБ қызметкерлерімен күнделікті көмелетке толмағандар қылмысының алдын-алу профилактикасы барысында білім беру ұйымдарында жоспарға сәйкес бірлескен іс шаралар атқарылып келеді. Жыл басынан бері көмелетке толмағандар тарапынан 106 құқық бұзушылық анықталып әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылған.

Құқықбұзушылыққа бейім 13 жасөспірім, 59 лидер жасөспірімдер және 8 жайсыз отбасы полиция бөлімінің есебіне алынып, олардың мекенжайында және оқу орнында бақылау-қадағалау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, Кентау қалалық ПБ ҚҚБ полиция майоры Жанболат Саруарұлы ата-аналарды балаларды түрлі үйірмелер мен жазғы сауықтыру лагерлеріне жіберуге кеңес берді.

Әдетте балалар арасында қылмыс туралы айтылғанда бірден оның өскен ортасы қандай деген сұрақ туындайды. Көп жағдайда әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары қылмыс жасайды деген түсінік бар. Бірақ полиция өкілдері «Қазір құқықбұзушылықты тек әлеуметтік осал топтардың балалары жасамайды. Толық отбасында тәрбиеленіп жатқан, жағдайы жақсы отбасының балалары керісінше қылмысқа көп баратын болған» деп қынжылады.

Жасөспірімдер мен балалар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін «Түнгі қаладағы балалар», «Назар аударыңыз, балалар», «Демалыс» профилактикалық іс-шараларын өткізіп келеміз. Әсіресе, түнгі мезгілде балалардың бей-берекет жүруіне жол бермеу мақсатында ювеналды полиция өкілдері түнгі қалаларда рейдтік шараларды жиі өткізеді.

Бүгінгі таңда балалар мен жастар арасында компьютерлік ойындар өте танымал және көптеген адамдар үшін бұл ойынға деген қызығушылық ойын-сауыққа деген құмарлыққа айналды. Соның нәтижесінде ойыншылар виртуалды әлемге толығымен еніп, шындыққа деген қызығушылықты жоғалтуда. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды.

Түнделетіп көше кезіп жүргендердің ата-анасына алдымен ескерту жасалады. Егер құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал ата-анасы ауылдық жерде немесе басқа қалада болса, көмелетке толмаған баласын қараусыз қалдырмай, сенімхат арқылы үлкендерге тапсырып кетуі керек. Сенімхаты жоқ туысқандар бала үшін жауап беруге дәрменсіз.

Раушан НАРБЕК

